**Автор**: Сыдыкова Лаура Бердибековна
**Пән**: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
**Сынып**: 9-класс
**Бөлім**: Python (пайтон) программалау тіліндегі алгоритмдерді программалау
**Тақырып**: Бір өлшемді массивтер пайдаланып Python программалау тілінде программаларды жасау;

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 9.3.3.1 бір өлшемді массивтер пайдаланып Python программалау тілінде программаларды жасау; |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: Бір өлшемді массивтерді түсінеді, қолданады.<br>Оқушылардың басым бөлігі: Бір өлшемді массивтерді пайдаланып Python программалау тілінде программа құрады.<br>Кейбір оқушылар: Бір өлшемді массивтерді пайдаланып Python программалау тілінде программаларды құрып, талдау жасайды. |
| Тілдік мақсаттар: | Пәндік лексика және терминология:<br>Python, array, massif, byte, for, randomize<br>Диалог /жазбаша жұмысқа қажетті пайдалы фразалар топтамасы: Python, array, massif, byte, for, randomize термин сөздері бір өлшемді массивтерді программалау кезінде қолданылады<br>Түйін сөздер Орын ауыстыру Перестановка Retirement Элемент мәндерін өңдеу Обработка значений элементов Replacement function elements Қосымша айнымалы Дополнительная переменная Additional variable Фактариал Фактариал Factorial |
| Күтілетін нәтиже: | Жаңа тақырыпты оқушының толық меңгеруі |
| Бағалау критерийлері: | -Бір өлшемді массивтерді қолдана алады.<br>-Бір өлшемді массивтерді пайдаланып Python программалау тілінде программа құрады.<br>-Бір өлшемді массивтерді пайдаланып Python программалау тілінде программаларды жасап, талдайды. |
| Құндылықтарды дарыту: | Жеке тұлғаның пікірін ескеру және әрбір ойдың құндылығын құрметтеу. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | АКТ мен жеке-жеке ж9мыс жасау7 |
| Пәнаралық байланыс: | Массив элементтерін есептеу барысында математика пәнімен және термин сөздер арқылы ағылышын тілімен байланысады. |
| Бастапқы білім: | Массивті және бір өлшемді массив ұғымын түсінеді. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу<br>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.<br>«Есімдер сөйлейді». Оқушылар бір бірлеріне өз есімдерінің бірінші әріпі арқылы жағымды сөздер айтады.<br>Топқа біріктіру. Оқушылар ортадағы кеспе қағаздарды алады.<br>Кеспе қағаздарда жасырылған массив және индекс сөздерін біріктіру арқылы 2 топқа бірігіп отырады. Өткен сабақты пысықтау:<br>«Миллион кімге бұйырады?» Берілген сұрақтардың дұрыс жауабын таба отырып, өткен сабақ пысықталады.<br><br>«Ой қозғау» әдісі. https://learningapps.org/ сайттан бір типті элементтерді жинақтау арқылы, тақырыпты ашамын.<br>  | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (30мин) | Жаңа тақырып. Топтық жұмыс. «Сократ әдісі» арқылы оқушылар тапсырманы топта оқып, екі шеңбер, бірінің ішінде бірі болып шеңбер жасап тұрады. «Ішкі шеңбердегі» оқушылар тақырыпқа қатысты мәселені сұрақ-жауап арқылы талқылайды, ал «сыртқы шеңбер» оларды тыңдап, дәптерлеріне ескертпе жасап отырады және талқылау соңында өз пікірлерін айтады. Мұғалім оларды сырттан ба[illegible] бұрып отырады. Шеңбердегі оқушылар белгілі бір уақыт өткен соң рөлдерімен алмастырып өз тұжырымдамаларымен бөліседі.<br>ҚБ [illegible] Оқушылар «Екі жұлдыз, бір тілек!» арқылы бірін – бірі бағалайды.<br>Мұғалімнің түсіндірмесі.<br>Image not found or type unknown<br><br>Image not found or type unknown<br><br>Image not found or type unknown<br> | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>(3мин) | Сабақ соңында оқушылар «Жетістік баспалдағы» арқылы рефлексия жүргізеді:<br>Image not found or type unknown<br>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?<br>Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. Сабақ барысында оқушыларды сабаққа деген құштарлықтарын және сабақты қабылдау қарқындарына қарай түрлі әдістер арқылы тапсырмалар құрастырдым.<br>«Миллион кімге бұйырады» ойыны арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, өтілген тақырыптарды пысықтап аламын..<br>«Сократ әдісі» арқылы оқушылар топпен жұмыс жасайды, бір бірлерін толықтырып отырады, кем тұстарына бағыт-бағдар беремін.<br>«Түртіп алу» әдісі арқылы термин сөздерді жазып, есте сақтауды қалыптастырамын. Практикалық тапсырмалар арқылы жеке жұмыс беріп, оқушылардың деңгейін саралаймын. Оқушылардың ойын жинақтау, ой түйю мақсатында, сабақты тест арқылы қорытындылаймын.<br>-Ынталандыру<br>-Оқушылар өзара бағалайды<br>-Алдын-ала белгіленген критерийлер арқылы бағаланады.<br>-Практикалық жұмысты қалыптастырушы бағалау ретінде жүргізіледі<br>Оқушылардың компьютер алдында дұрыс отыруын қадағалау | |
| Рефлексия<br>(2мин) | Рефлексия Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарланған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен берген уақыт ішінде үлгердім бе? | |